

Табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 339 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Табиғи монополия саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің баға деңгейіне бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Табиғи монополия саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің өнімдеріне (қызмет көрсетулеріне) тарифтерді қалыптастырудың мынадай тәртібі бекітілсін:

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті уәкілетті органдармен бірлесе отырып, заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының табиғи монополияшы-шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік регистріне енгізу туралы шешімдер қабылдайды;

олардың өнімдеріне (көрсететін қызметтеріне) тарифтерді көтеру тоқсанына бір реттен жиі жүргізіле алмайды және әдетте, олардың өсуі ағымдағы жылға арналған индикативтік жоспарда қабылданған бағалардың өзгеруінің шекті индексінен артпауға тиіс;

тарифтерді қайта қарау туралы ұсыныстарды табиғи монополия саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетіне немесе оның аумақтық бөлімшелеріне тоқсан басталғаннан 45 күн бұрын береді;

тоқсан басталғаннан 20 күн бұрын тарифтердің жобалары Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінде талқылауға шығарылады және тоқсан басталғанға дейінгі 10 күннен кешіктірмей табиғи монополия саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер жаңа бағалар туралы шешімдерді республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында (тарифтердің өзгеру орны бойынша) жариялайды.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК